

«6D021500-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шәкізада Сырым Бауыржанұлының «Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында</p>	<p>Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы дін, тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>1) «6D021500-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертациялық жұмыс.</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған</p>

		<p>орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>3) Диссертация нақтылы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған</p>
2	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p><u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы</u> <u>ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Қазақ халқының дәстүрлі діни танымдарындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызын анықтау өте өзекті саналады. Жұмыстың ғылымға қосатын үлесі орасан. Ізденушінің XIX-XX ғасырлардағы түпнұсқа жазба деректеріне сүйенуі зерттеу жұмысының маңыздылығын одан ары аша түскен. Қазақ даласындағы ойшыл ақындардың қолжазба еңбектерін басшылыққа ала отыра теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық, иман және пайғамбарлыққа қатысты мәселелердің матуридилік ілімімен қаншалықты үндесетінін айқындау үлкен зерттеуді талап ететін дүние. Сондай-ақ Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Мәшһүрдің шығармалары күнімізге дейін жарық көріп, академиялық басылыммен таралып жатқанымен де, түпнұсқамен салыстыра отыра текстологиялық, теологиялық талдау жасау ғылым үшін аса маңызды.</p>
3	<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;</p>	<p>Ізденушінің диссертацияны өзі жазуының деңгейі жоғары. Диссертацияның үш тарауының арасындағы</p>

		<p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>логикалық байланыс пен сабақтастық ғылыми еңбектің бір қолдан шыққандығын айқындай түседі. Диссертант ойларын жақсы тұжырымдап, өзінен бұрынғы зерттеулерге орынды сілтеме бере білген. Қазақ даласында 19-20 ғасырларда діни бағытта жазылған жазба деректер мен ойшыл ақындардың туындыларындағы өлеңдерден теологиялық тұжырымдар шығарып, матуриділік ілімнің классикалық қайнар көздерімен сабақтастығын анықтаған. Сонымен қатар ғылыми еңбектің мазмұндық тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екендігі анық байқалады. Ізденушінің ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдемін.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай Алтынсарин, Ғұмар Қараш, Шортанбай Қанайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Мұғаз Батырғалиұлы және өзге де XIX-XX ғасырлардағы ойшыл ақындардың шығармаларындағы теологиялық көзқарастардың ханафи-матуриди доктринасы негізінде қалыптасуында айқындалады. Қазақ халқының дәстүрлі діни танымының тарихы тереңде. Оны тұлғалармен, кеңістікпен нақтылап, әр уақыттың өзіндік ерекшеліктеріне сай баға беру өзекті. Ізденуші 19-20 ғасырлардағы түпнұсқа туындыларды басшылыққа алып, қазақ даласындағы мұсылмандық мектептің үлгісін ислам теологиясы тұрғысынан</p>

		<p>анықтауды мақсат етіп, зерттеу жұмысының өзектілігін толықтай негіздеген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Зерттеуші бірінші тарауда ислам теологиясы мен қазақ халқының діни танымындағы Жаратушы Алла ұғымының онтологиясына тоқталып, компаративистикалық талдау жасаған. Яғни бірінші тарауда исламның теологиялық (иләһият) қырын түсіндіруді мақсат еткен. Екінші тарауда матуриди мектебіндегі метафизикалық және эсхатологиялық мәселелердің қазақ халқының діни танымындағы көрінісін баяндаған. Сондай-ақ үшінші тарауда ислам сенім жүйесінде өз алдына маңызды тақырып саналатын иман және оған қатысты күрделі мәселелердің шешімін матуридилік ілім мен қазақы діни танымды сабақтастыра отыра жазған. Жалпы зерттеу жұмысының мазмұны 3 тараудан және әр тарау 3 тараушадан құралған.</p> <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант XIX-XX ғасырлардағы ойшыл қазақ ақындарының шығармаларын түпнұсқа қолжазбаларға сүйене отыра, Әбу Мансур әл-Матуриди және матуриди сенім мектебіндегі барлық теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық, иман мәселелеріне қатысты тақырыптармен салыстырып, қазақ халқының дәстүрлі діни танымы мен ханафи-матуриди доктринасы</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 		
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 		

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>арақатынасын анықтап, сабақтастығын саралауды басты мақсат етіп, осы мақсат аясында 10 міндет қойып, оны тиісті деңгейде жүзеге асырған.</p> <p>Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасындағы логикалық байланыс бар, ішкі бірлікке ие. Диссертант зерттеу жұмысының бірінші тарауын теологиялық тақырыптарға арнаса, екінші тарауын эсхатологиялық, метафизикалық мәселелермен жалғап, үшінші тарауында иман және пайғамбарлыққа қатысты тараушалармен қорытындылаған. Әрбір тарау бір-бірімен тығыз байланысқан. Алғашқы тараудағы тұжырымдар сәйкесінше келесі бөлімдердегі мәселелерді дұрыс түсінуге жол ашады.</p> <p>Диссертант ұсынған жаңа қағидағтар мен шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра дәлелдеген. Аталған тақырып аясында өзінен алдында жазылған жұмыстарға сыни талдау жасап, осы тақырып аясында өзінің қосар үлесін көрсете білген. Нақтырақ айтсақ, XIX-XX ғасырлардағы түпнұсқа шығармаларды басшылыққа ала отыра, кейіннен шыққан академиялық басылымдардағы қателіктерді көрсетіп, текстологиялық, теологиялық талдау жасаған. Матуридилік ілімнің классикалық дереккөздеріндегі теориялар мен концепциялар және қазақ ойшыл ақындарының туындыларындағы тұжырымдар келтіріліп, салыстырылып, бағаланғанын байқауға болады.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 		

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстан шыққан нәтижелерге ішінара жаңа деп баға берілді. Диссертант теологиялық тақырыптардағы таухид концепциясын дәйектеу методологиясын Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш секілді тұлғалардың еңбектері арқылы және матуридилік іліммен арақатынасын анықтаған. Сондай-ақ имплицитті сипаттағы муташабих мәтіндер мен оны түсіну әдіснамасы және Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы Құдайдың трансценденттілігі талданған. Эсхатологиялық және метафизикалық мәселелердегі діни мәтіндер мен оның Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде интерпретациялануы және қазақ дүниетанымымен қарағанда ғана айқындалатын кейбір сөздердің лексикалық, этимологиялық ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар иманның мәні мен шарттарындағы тұжырымдар компаративистикалық талдаулар арқылы бағамдалған. Сондықтан осы тұжырымдарды ескере келе отыра жасалған ғылыми нәтижелер ішінара жаңа деп қарастырылды.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындыларының бірі жартылай, бірі толығымен жаңа болғандықтан, жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Ислам сенім жүйесіндегі басым көпшілік тақырыптарын қамтыған, атап айтқанда теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық, иман және пайғамбарлық мәселелерін матуриди сенім мектебі негізінде және 22 түпнұсқа еңбектермен жасалынған салыстырма талдаулар,</p>	

			<p>исламтанулық бағалау, одан шыққан қорытынды тұжырымдар ішінара жаңа деп бағалауға негіз бола алады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Десе де диссертацияда еліміздегі дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтау үшін қазақ даласындағы ойшыл тұлғалардың ислами мұрасын кеңінен зерттеу бойынша шешімдері ұсынылған және негізделген.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Ізденуші әрбір тараудан туындайтын негізгі тұжырымдарды тізбектеп жазған.</p> <p>7.1. Диссертация жұмысында зерттеуші 5 қағидат айқындаған. Олардың әрқайсысы жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p> <p>7.2. Зерттеу жұмысының қағидаттары тривиалды емес. Диссертант қағидаттарды өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып қалыптастырған.</p> <p>7.3. Диссертация жұмысында 5 қағидат жасалған. Олар салыстырмалы түрде ішінара жаңа саналады.</p> <p><i>Бірінші қағидатта – Зерттеу жұмысында түпнұсқа</i></p>

2) жоқ

7.3 Жаңа ма?

1) ия;

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жоқ

мен кейінгі басылымдардағы сәйкестікті анықтау барысында өзгешеліктер бар екенін анықтаған. Текстологиялық талдаулар кезінде кітаптың ішіндегі мәтіндерден бөлек, ақындарға тиесілі кітаптардың атауында да қателіктер бар екендігі, кейіннен басылып шыққан академиялық басылымдардың қолжазба нұсқалармен сай келмейтіндігін көріп, дұрыс шешімін ұсынған. Мысал ретінде Шәкәрімнің, Ыбырайдың, Мұғаз Батырғалиұлына тиесілі кітаптардың атауына қатысты кейінгі зерттеушілер тарапынан шығарылған басылымдарда олқылықтар бар екенін анықтаған. *Екінші қағидатта* – XIX-XX ғасырлардағы ойшыл тұлғалардың діни схоластикалық мәселелерді терең талдап, исламтану ілімдеріне еркін бойлай алғандығын көрсеткен. *Үшінші қағидатта* – Қазақ халқының қаншама ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы матуридилік іліммен үндесетінін тұжырымдаған. *Төртінші қағидатта* – Қазақтың дәстүрлі діни танымы фатализмдік түсінікті теріске шығарып, антропоцентризмдік сананы басылыққа алып, түбіндегі шешуші рөл Құдай болғанымен де, иман, тағдыр, эсхатология, тәңірлік атрибуттардың практикалық мәніне қатысты адамның жауапкершілігі мен қарекетіне ерекше басымдылық беретінін тұжырымдаған. *Бесінші қағидатта* – Қазақ даласындағы мұсылмандық мектептің көрнекті өкілдеріне тән ғылыми-полемикалық әдістер мен дәйектеу методологиясы және дінге буквалистік

			<p>санамен емес, рационалды қарау идеясы еліміздегі түрлі топтар мен беймәлім тұлғалардың және экстремизм, терроризмнің идеологиясымен уланғандарға төтеп бере алатын басты құрал екенін айқындаған.</p> <p>7.4. Диссертация қағидаттары теория мен практикадағы қолдану деңгейі «орташа». Атап айтқанда зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді негізінен ислами ЖОО, ислам зерттеулері орталықтары мен өзге де салаға қатысы бар ұйымдар ауқымында кең қолдануға болады.</p> <p>7.5. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау толық негізделген, оларды жұмыстың жазылу барысынан көруге болады. Диссертациядағы зерттеулер мен талдаулар тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық, компаративистикалық, семантикалық-этимологиялық әдістер мен теологиялық, текстологиялық, деректанулық, жіктеу, түйіндеу, саралау сипаттау сынды әдістер негізінде жүргізілген. Зерттеу жұмысында екінші реттік дереккөздермен қатар бірінші реттік дереккөздер де кең қолданылған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялар, ғылыми зерттеулердің замануи әдістемелерін қолданғаны байқалады. Деректерді талдау нәтижелері түрлерінде интерпретацияланған.</p>

	<p>заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялық қорытындылар нақты исламтанулық және деректанулық зерттеулермен дәлелденіп расталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертант зерттеу жұмысында ұсынған ой-тұжырымдарын шетел және отандық зерттеушілерінің еңбектеріне сілтеме беру арқылы негіздеген. Диссертация жұмысында исламтанулық және деректанулық зерттеуден жинақталған бірінші реттік дереккөздерді, түпнұсқа қайнар көздерді ғылыми талдау негізінде маңызды әрі дәйекті мәлімдемелер жасалған.</p>

		<p>Диссертациялық жұмыста сала бойынша жазылған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми айналымда бұрын-сонды болмаған әдебиеттерге шолу жасалынған. Әдебиеттік шолу ислам теологиясы саласындағы классикалық еңбектерге және ойшыл ақындардың түпнұсқа туындыларына қатысты әдебиеттермен қатар, соңғы жылдары жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарын қамтыған. Оның ішінде аталған тақырып аясында ізденген зерттеушілердің еңбектеріне арнайы шолу жасап, дұрыс-бұрысын анықтаған. Ізденуші әдебиеттерге кешенді шолу жүргізу арқылы диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға қосар үлесін жақсы негіздеген.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары бағалануға лайық. Зерттеу жұмысы нәтижесінен алынған теориялық тұжырымдар мен қорытындылар Қазақстандағы төл исламтану мектебінің қазақ халқының дәстүрлі діни танымы бойынша қалыптасуына негіз бола алады.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Әлемде ең үлкен сенім мектебі ретінде саналатын матуриділік ілімінің қазақы мұсылмандық мектеппен үндескен үлгісінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп ұсынылуы аса маңызға ие. Халықтың дүниетанымына сай дәстүрлі ислам түсінігінің теологиялық жағынан егжей-тегжейлі зерттелуі ұлттық-рухани кодтың, елдің діни</p>
	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	

иммунитетінің қалыптасып, жандануына оң ықпал етеді. Осы бағытта Орталық Азия халықтарының, оның мәдениеті мен дінін, құқықтық, әдет-ғұрыптық тұрғысынан зерттеуге көңіл бөлген тұлғалар дереккөз ретінде пайдалана алады.


Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды «жартылай» деп қарастыруға болады. Қазақ даласындағы XIX-XX ғасырларда жарық көрген ақындардың шығармалары яки арнайы діни бағытта жазған төл туындылары руханиятымыздың, ұлттық құндылықтарымыздың өзегі саналады. Діни-дидактикалық, теологиялық бағытта оқытылатын әдебиеттер шетелдік дереккөздермен емес, өзіміздің Абай, Шәкәрім, Мәшһүр, Ыбырай секілді тұлғалардың кітаптары арқылы оқыту практикалық тұрғыдан халықтың наным-сеніміне, сенім жүйесіне оң ықпал етеді. Сонымен қатар диссертация жұмысындағы қазақ халқының діни дүниетанымымен салыстыра талдау жасалған теологиялық тұжырымдар мен ғылыми нәтижелерін дінтану, исламтану мамандықтары мен қазақ әдебиеті бойынша жоғары оқу орындарында, медресе-колледждерде, арнайы діни салада зерттеулер жүргізетін орталықтар мен институттарда басты оқу құралы немесе дереккөз ретінде пайдалануға болады. Осы аталған жағдайларға байланысты зерттеуден шыққан ұсыныстарға жартылай жаңа деген баға бердік.

- 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?
- 1) толығымен жаңа;
 - 2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**
 - 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор теориялық және деректік мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл зерттеу жұмысы жаңа талқылауларға, тұжырымдарға жол ашады. Сол үшін де төмендегідей ұсыныстарды атап өтуді жөн санаймын:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы ислами терминдерді теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық, иман, пайғамбарлық тақырыптары аясында жинақтау ұсынылады; - Зерттеу жұмысында аздаған орфографиялық қателер кездескендіктен, түзету ұсынылады. <p>Бұл ескертпелер, ұсыныстар зерттеу жұмысының ғылыми маңызы мен мазмұнына нұқсан келтірмейді.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы		<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 7 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) базасында, 6 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары</p>

<p>нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланды. Жарияланған мақалалары диссертациялық зерттеудің мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде жазылған.</p>
<p>13 Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:</p>		<p>«6D021500-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шәкизада Сырым Бауыржанұлының «Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.</p>

Ресми рецензент:
 ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты дінтану орталығының жетекшісі, PhD (жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғарғы Білім және Ғылым Орталықтарының Комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының Философия кафедрасының меңгерушісі

А. Д. Шағырбай

16.06.2025.
 КОЛЫН РАСТАЙМЫН
 ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ 
 Ученый секретарь
 Отдел кадров